


АйҚАП

Қоғамдық-саяси,
әдеби-көркем журнал



№02 (90) қыркүйек-қазан, 2012 жыл

Сағадиев К.Ә.

Абай әлемі// Айқап.-№
02.-2012, қыркүйек-қазан.-23 б.



Кенжеғали САҒАДИЕВ,
академик.

АБАЙ ӘЛЕМІ

Ұлы ақын, кемеңгер философ, ғұлама ойшыл, тамаша композитор, гуманист, қазақ халқының ХІХ ғасырдағы Ренессанстық оянуының ең жарқын жұлдызы Абай біздің шын мәніндегі шексіз мақтанышымыз, биік мәртебебіміз.

Абайдың бір өзі – тұтас әлем, шешілмеген жұмбақ, тұңғыық мұхит, игерілмеген ғарыш. Оқып қаралық:

*Жүрегіңнің түбіне терең
бойла,*

*Мен бір жұмбақ адаммын,
оны да ойла!*

Ойланып көріңіз. Жүрегіңіздің түбіне терең бойлап көрдіңіз бе – көрсеңіз Абайдай жұмбақ адамның сырына үңіліңіз. Абай және:

*Өлең, шіркін – өсекші,
жұртқа жаяр,*

*Сырымды тоқтатайын айта
бермей, – дейді.*

Алыпты алып таниды. Абайды алғаш қазақ даласында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов танытқан. Және бір алыбымыз Мұхтар Әуезов Абай төңірегінде өлмейтін-өшпейтін мұра жазып қалдырды. Осылайша Абайтану ілімі басталғаны тарихи шындық. Енді әлемдік Абайтанудың негізі қаланғанының куәсі боп жүрміз.

Осыдан біраз жыл бұрын Абайдың 150 жылдық мерей тойын тойлау туралы ЮНЕСКО-ның арнаулы шешімі шыққанын да білеміз. Бұл құжат даналыққа тағзым етудің, адам рухының ұлылығын бағалаудың бір белгісі еді. Сөз жоқ, Абай қазақ даласындағы жаңалық атауының жаршысы бола алған адам. Оның гуманистік идеялары адамзаттың ең биік мұраттарымен үндесіп, қазақ халқының қоғамдық ой-санасына айрықша ықпал